

# «Дидардың» ТОЙЫ ДҮЙІМ елді тамсандырды

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Дидар» болса, теледидар да болады». Бұл мерекелік жиында ағынан ақтарыла сөйлеген «Қазақстан – Өскемен» телеарнасының директоры А.Дүйсеновтің сөзі.

Иә, Шығыстың жылнамасы атанған Шығыс Қазақстан облыстық «Дидар» газетіне 80 жыл!

80-белес, 80-асу, 80-жыл,

Көңілдерді көркейтті ол, септі нұр.

«Дидар» бүгін сексен жастың төрінде,

Төгілсін ән, төгілсін күй, түрлі жыр!

Жүргізуші қыздың сөзі саңқылдай шығады. Өзінің сексен жылдық мерейтойын ел Тәуелсіздігінің жиырма жылдығымен қатар атап отырған газеттің тойында

өнерпаздарымыз да аянып қалған жоқ. Аты өңірімізге ғана емес, республикаға танымал әншілер Әділ Тұрғанбаев, Майра Қаламқызы, ақтаңгер ақын Абаш Кәкенов әуелете ән салды. Газетті мерейтойымен құттықтау үшін Жарма ауданынан Елбасы алдында бірнеше мәрте өнер көрсету құрметіне ие болған, «халықтық» атақтың иегері «Сұлуым»

эстрадалық қыздар тобы да арнайы келді. Ағайынды Абдуллиндер атындағы облыстық өнер колледжінің бишілер тобы «Бозінгенді» бұрала биледі.

Иә, бұл күн нағыз мерекеге айналды. «Дидар» газетінің сексен жылдық тойын жиналған қауым талайға дейін әлі аузынан тастамай айтып жүретін болады.